

КЕЛІСІЛДІ



«Қарағанды облысында білім
беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығы»

КММ директоры

Б.Х. Абдикерова

2021 жыл



БЕКІТЕМІН

«Мағжан Жұмабаев
атындағы гимназия»

КММ директоры

А.А. Жалелов

2021 жыл

МЕЙКАТОН ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Осы Мейкатон туралы ереже (бұдан әрі «ереже») Мейкатонды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

Мейкатонды Қарағанды облысында білім беруді дамытуды оқу-әдістемелік орталығы және Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы (бұдан әрі-Мейкатон ұйымдастырушылары) жүргізеді. Мейкатон оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал ету, инженерлік дағдыларды қалыптастыру, оқушыларға заманауи технологияларды зерттеуге, жаратылыстану ғылымдары мен робототехникаға деген қызығушылығын арттыруға, STEM білім беру негізінде жаратылыстану ғылымдары және техника саласындағы мамандықты таңдауға, оқушыларды ынталандыру, жаңашыл технологиялар аясындағы озық тәжірибелермен алмасу, мықты командаларды анықтау мақсатында ұйымдастырылады. Мейкатон екі тілде жүргізіледі: қазақ тілі, орыс тілі.

Мейкатон – ұйымдастырушылар Ережеде белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес өткізілетін іс-шара.

Қатысушы-өз атынан әрекет ететін және Ереженің 5-бөлімінің ережелеріне сәйкес Мейкатонға қатысу үшін тіркелген 4 жастан 18 жасқа дейінгі жеке тұлға. Мейкатон комиссиясы қатысушының жобасын бағалайды.

Іс-шаралардың негізгі міндеттері:

- Жоба құру, инженерлік ғылым, бағдарламалау, жаратылыстану ғылымдарында басқа да жаңашыл білім беру технологияларын қолдану саласында талантты оқушыларды анықтау және қолдау көрсету;
- Оқушыларды және олардың жетекшілерін көрме алаңдарымен қамтамасыз ету;
- Оқушылар, педагогтер, білім беру ұйымдары басшыларының арасында жаңашыл білім беру технологиялары бойынша тәжірибе алмасу үшін қолайлы орта құру;

- Жаңашыл білім беру технологиялары бойынша кәсіби командалардың санын арттыру;
- Білім беру ортасында ғылыми-техникалық және инженерлік бағыттарды дамытуға ықпал ету;
- Әр түрлі жастағы балаларды заманауи технологияларды зерттеуге, жаратылыстану ғылымдары мен робототехникаға деген қызығушылығын арттыру;
- STEM білім беру негізінде жаратылыстану ғылымдары және техника саласындағы мамандықты таңдауға, оқушыларды ынталандыру.

Мейкатонды өткізу ережелері мен мерзімдері, Мейкатонға қатысу үшін тіркелу мерзімі, жүлделер саны, оларды алу мерзімі, орны мен тәртібі туралы барлық ақпарат Интернет желісінде орналасқан Makeathon.kz сайтында (бұдан әрі – «Сайт» немесе «Мейкатон сайты») көрсетілген.

Өтінім – Мейкатон сайтында электрондық тіркеу нысанын толтыру және жіберу арқылы Мейкатон қатысушысымен ұсынылған ақпарат. Егер әлеуетті қатысушы ұсынған өтінім толық болмаса немесе Ереже талаптарына сәйкес келмесе, Мейкатон ұйымдастырушысымен өтінім қабылданбайды.

Мейкатонның сырттай кезеңі – жұмыстарды жіберу және қабылдау Makeathon.kz сайтында өткізіледі. Мейкатонның күндізгі кезеңі – жобаларды қорғау онлайн режимінде Zoom платформасында өткізіледі.

Мейкатон жеңімпаздары – бағыты бойынша белгілі бір критерийлер негізінде комиссияның бағалауы нәтижесінде танылған қатысушылар.

Мейкатон комиссиясы – Мейкатон аясында қатысушылардың жобаларын бағалау үшін ұйымдастырушы Комиссия құрылады.

2. Мейкатонды өткізу мерзімі

1. 2021 жылдың 13 сәуірден 24 сәуіріне дейін Мейкатон сайтында қатысушылардан өтініш беруі басталады.
2. Мейкатонның тіркелген қатысушылары Makeathon.kz интернет желісінде жарияланады.
3. Мейкатон 2021 жылдың 13-30 сәуір аралығында екі кезеңде өтеді.
4. 2021 жылдың 13-24 сәуір аралығында Makeathon.kz сайтында жұмыстарды қабылдау.
5. 2021 жылдың 25 сәуірінде жұмыстарды қабылдау аяқталады.
6. Мейкатон 2021 жылдың 26 сәуірінде күндізгі кезеңі басталады.
7. Мейкатон 2021 жылдың 30 сәуірінде аяқталады.
8. Жобаны құру ұзақтығы 264 астрономиялық сағатты құрайды (15840 мин.).
9. Қатысушыға Makeathon.kz сайтында тақырыптар мен тапсырмалар беріледі.

- 10.Тексеру тапсырмасын тапсырғаннан кейін қатысушы өз жұмысын аяқтайды.
11. 2021 жылдың 3 мамырында Мейкатон нәтижелерін Makeathon.kz сайтында жарияланады.

3. Тіркеу және Мейкатонға қатысу тәртібі

1. Мейкатонға қатысушы ретінде қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу Ереженің 1 және 2 – тармақтарында көрсетілген мерзімдерде сайтта орналастырылған электрондық тіркеу нысанын (бұдан әрі – «өтінім») толтыру арқылы Интернет желісінде жүзеге асырылады.
2. Электрондық тіркеу нысанын толтыру кезінде қатысушы келесі мәліметтерді көрсетуі қажет:
 - қатысушының атын, тегін
 - қатысушының жасын
 - Мейкатон бағытын
 - жетекшінің атын, тегін
 - жетекшінің байланыс электрондық мекен-жайын
 - жетекшінің байланыс телефонын
 - елді мекенін
 - білім беру ұйымын
6. Өтінімді толтырып, жібере отырып, қатысушы Ережемен танысқанын растайды, Ереженің талаптарымен келіседі және ұйымдастырушының тіркеу нысанында көрсетілген дербес деректерді өңдеуіне өз келісімін береді. Қажет болған жағдайда Мейкатон ұйымдастырушылары қатысушының жеке басын куәландыратын құжатты сұратуға құқылы.
7. Команда басшысы Мейкатонды өткізу кезеңінде жобаны жасау үшін қажетті жабдықтардың (ноутбук, ДК, оқу жабдығы) болуын қамтамасыз етеді және оны өткізу кезінде қатысушылар үшін жауапты болады.
8. Бір бағытқа қатысушылардың ең аз саны-15 адам, егер қатысушылар аз болса, онда осы бағыт бойынша Мейкатон жүргізілмейді. Бұл жағдайда ұйымдастырушылар алдын ала хабардар етеді және басқа бағытқа тіркеуді ұсынады. Ең көп дегенде бір бағытқа 50 адам қатысады.
9. Бір қатысушы тек бір бағытқа қатыса алады.
10. Ұйымдастыру комитеті мен Комиссияның Мейкатонға қатысушыларды дисквалификациялауға және жекелеген міндеттер бойынша олардың балдарының күшін жоюға құқығы бар:
 - Қатысушының Мейкатон өткізу регламентін бұзуы.
 - Қатысушы тарапынан кез келген бұзақылық әрекеттер.

- Мейкатонның тиісті кезеңі аяқталғанға дейін интернетте есептер шешімдерін жариялау, Интернет желісінде есептер шешімдерін талқылау.
- Біреудің шешімі өзгертілген немесе аяқталған болса да, біреудің шешімін тапсыру.

3. Мейкатон аясында құрылатын жобалардың бағыттары **Мейкатонда жарыс келесі бағыттар бойынша өтеді:**

Бағыттар 4-5 жас (мектепке дейін):

- Құрастыру

Бағыттар 6-9 жас (кіші топ):

- Құрастыру және робототехника

Бағыттар 12-14 жас (орта топ):

- Электроника және робототехника
- 2D дизайн

Бағыттар 15-16 жас (жоғарғы топ):

- Электроника және робототехника
- Анимация және бейнероликтер жасау
- Веб-дизайн
- 3D модельдеу және шығару
- Гидропоника

Бағыттар 15-16 (колледж студенттері):

- Электроника және робототехника
- Анимация және бейнероликтер жасау
- Веб-дизайн
- 3D модельдеу және шығару
- Гидропоника

5. Мейкатонды қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

1. Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау ZOOM конференциясында өтеді.
2. Мейкатон жүлдегерлері комиссияның шешімі бойынша бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен, ал олардың жетекшілері алғыс хатпен марапатталады.